
	"Астана Медицина университеті" КЕАҚ"	ОП-МУА-21 Изд.№1 Стр 1 из 5
	БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ 7R09113 "Неврология,сонымен қатар балалар неврологиясы"	

Бекітілді _____
«Астана медициналық
университеті» КеАҚ
2020 жылғы "28" 08
Хаттама №7


БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

7R01137 "Ересектер мен балалар неврологиясы"

	"Астана Медицина университеті" КЕАҚ	ОП-МУА-21 Изд.№1 Стр 2 из 5
	БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ <i>7R09113 "Неврология,сонымен қатар балалар неврологиясы"</i>	


Өзгерістер Ғылыми кеңестің 2022 жылғы 30 маусымдағы №6 хаттамасымен бекітілді

ББ толықтырулар резидентура және қосымша білім беру сапасын қамтамасыз ету комитеті отырысының 2023 жылғы 30 қаңтардағы № 3 хаттамасымен бекітілген

	"Астана Медицина университеті" КЕАҚ"	ОП-МУА-21 Изд.№1 Стр 3 из 5
	БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ 7R09113 "Неврология, сонымен қатар балалар неврологиясы"	

1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМА ПАСПОРТЫ

Ұлттық біліктілік шеңбері бойынша біліктілік деңгейі	VII
Жоғары білім профилі	Денсаулық сақтау
Білім беру бағдарламасының коды	7R01137
Білім беру бағдарламасының атауы	Ересектер мен балалар неврологиясы
Бағдарламаны іске асыру мерзімдері	2 жыл
Білім беру бағдарламасының миссиясы	Неврология саласында дербес кәсіби қызметке қабілетті және дайын білім, біліктілік және дағдылар жүйесі бар білікті невролог-дәрігерді даярлау.
Білім беру бағдарламасының мақсаты	Резидент-неврологты дәлелді медицина қағидаттарына сәйкес заманауи талаптарға жауап беретін кәсіби білімді, практикалық дағдыларды меңгеруге және үнемі жетілдіруге үйрету, ересек және бала жастағы неврологиялық пациенттердің диагностикалық, емдік, оңалту, алдын алу іс-шараларын жүргізуге даярлау.
ББ аккредитациялау мен сертификациялау	IAAR, АВ 3481/1 27.05.2021-26.05.2026
Тұлғалардың алдыңғы білім деңгейіне қойылатын талаптар, білім беру бағдарламасын меңгергісі келетіндер	Базалық медициналық білім, жоғары медициналық білім, интернатураның болуы
Түлектің біліктілік сипаттамасы	
Академиялық дәрежесі	Невролог-дәрігер
Маман лауазымының міндеттері	Ересек невролог дәрігері, балалар невролог дәрігері, құрылымдық бөлімшенің меңгерушісі, медициналық ұйымның дәрігер-неврологы; учаскелік ересек және балалар невролог дәрігері, инсульт орталығының дәрігер-неврологі
Кәсіби қызмет саласы	Денсаулық сақтау саласындағы белгіленген талаптар мен стандарттарға сәйкес жоғары білікті медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз ету арқылы азаматтардың денсаулығын сақтау: ересектер неврологиясы, балалар неврологиясы.
Кәсіби қызмет объектісі	Балалар мен ересек жастағы жеке тұлғалар (пациенттер); Тұрғындар; ҚР азаматтарының денсаулығын сақтау үшін жағдай жасауға бағытталған құралдар мен технологиялардың жиынтығы
Білім алушылардың әртүрлі топтарының, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың қажеттіліктерін есепке алу	Қарастырылмаған

	"Астана Медицина университеті" КЕАҚ	ОП-МУА-21 Изд.№1 Стр 4 из 5
	БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ 7R09113 "Неврология, сонымен қатар балалар неврологиясы"	

1. ТҮЛЕКТІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ ЖӘНЕ ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Жалпы құзыреттер		№К	Оқу бағдарламасының нәтижелері (outcomes) Түлектер қабілетті болады
1	Науқастың курациясы:	1.1	медициналық көмектің барлық деңгейінде дәлелді тәжірибе негізінде клиникалық диагнозды тұжырымдай алады, емдеу жоспарын тағайындай алады және оның тиімділігін бағалай алады.
2	Байланыс және ынтымақтастық:	1.2	пациент үшін ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін пациентпен, оның қоршаған ортасымен, медицина қызметкерлерімен тиімді әрекеттесе алады.
3	Қауіпсіздік және сапасы:	1.3	медициналық көмектің қауіпсіздігі мен сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін тәуекелдіктерді бағалауға және ең тиімді әдістерді қолдануға қабілетті.
4	Шұғыл көмек:	1.4	диагностика, дифференциалды диагностика, шұғыл, өмірге қауіпті жағдайларда шұғыл көмек көрсету.
5	Зерттеу:	1.5	адекватты зерттеу сұрақтарын құрастыра алады, кәсіби әдебиеттерді сыни тұрғыдан бағалай алады, халықаралық мәліметтер қорын күнделікті қызметінде тиімді пайдалана алады, зерттеу тобының жұмысына қатысады.
6	Оқу және дамуы:	1.6	өз бетінше білім алуға және кәсіби команданың басқа мүшелерін оқытуға, пікірталастарға, конференцияларға және үздіксіз кәсіби дамудың басқа түрлеріне белсенді қатысуға қабілетті.
Арнайы құзыреттер		№К	Оқу бағдарламасының нәтижелері (outcomes) Түлектер қабілетті болады
1	Науқастарға консультация	АК-1	<p>ауру тарихын жинауға, жүргізуге қабілетті, науқасты физикалық тексеру, жағдайды бағалау пациенттерге клиникалық пайымдаулар мен шешімдер қабылдау, пациентке түсініктемелер мен кеңестер беру пациенттің органдары мен жүйелерінің жай-күйін бағалауға, медициналық құжаттаманы ресімдеуге, әртүрлі жастағы науқасты немесе оның заңды өкілін медициналық қызметтер шеңберінде диагностикалық іс-шараларды жүргізу туралы хабардар етуге қабілетті.</p> <p>Көрсеткіштерді, қарсы көрсеткіштерді, зерттеу әдістерінің қауіптері мен диагностикалық маңыздылығы түсіндіре алады. Бейінді мамандармен кеңесу немесе клиникалық және эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша ауруханаға жатқызу мәселесін шешу мақсатында пациент-орталықтандырылған клиникалық бағалау жүргізуге және пациенттерді басқару тактикасының жоспарын жасауға қабілетті</p>
2	Клиникалық белгілері бағалау	АК-2	аурулардың негізгі патологиялық белгілері мен синдромдарын анықтай алады, жетекші синдром бойынша дифференциалды диагностика жүргізе алады, аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктелуін ескере отырып, клиникалық



"Астана Медицина университеті" КЕАҚ

ОП-МУА-21
Изд.№1
Стр 5 из 5

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
7R09113 "Неврология,сонымен қатар балалар неврологиясы

			диагноз қою үшін зерттеу нәтижелерін түсіндіре алады.
3	Шұғыл медициналық көмек көрсету	АК-3	өмірге қауіп төндіретін жағдайларда әртүрлі жастағы пациенттерге, сондай-ақ төтенше жағдайларда, эпидемияларда және жаппай зақымдану ошақтарында халыққа алғашқы және шұғыл медициналық көмек көрсетуге қабілетті
4	Емдеу	АК-4	диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес медициналық қызметтер шеңберінде әртүрлі неврологиялық аурулары бар пациенттерге медициналық көмек көрсетуге қабілетті
5	Медициналық манипуляциялар жүргізу	АК-5	люмбальды пункция жасау емдік блокада жасау
6	Этикалық және құқықтық принциптерді қолдану	АК-6	қоғамда қабылданған моральдық және құқықтық нормаларды ескере отырып, кәсіби қызметті жүзеге асыруға қабілетті; дәрігерлік әдеп ережелерін, құпия ақпаратпен жұмыс істеу жөніндегі заңдар мен нормативтік құқықтық актілерді сақтауға; дәрігерлік құпияны сақтауға қабілетті
7	Психологиялық және әлеуметтік аспектілерді бағалау науқастың ауруларында	АК-7	пациенттердің денсаулығы мен өмір сүру сапасына әсер ететін психологиялық және әлеуметтік факторларды есепке ала отырып, әртүрлі жастағы науқастарға әртүрлі жағдайлар мен ауруларға психоэмоционалды қолдау көрсете алады.
8	Ақпаратты тиімді пайдалану қалыптастыру және ақпараттық технологиялар	АК-8	пациенттердің медициналық құжаттарын талдау және бақылау және көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын арттыру үшін ақпараттық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тәжірибеде пайдалана алады
9	Ғылыми зерттеулер жүргізу дағдылары	АК-9	ақпараттық мәліметтер базасында ақпаратты тиімді іздеуді жүзеге асыруға, ғылыми деректерге талдау жүргізуге және зерттеу және аналитикалық тәсілді көрсетуге қабілетті. Пациенттердің денсаулығына байланысты ғылыми зерттеулерге негізделген деректерді бағалау және ассимиляциялау.
10	Салауатты өмір салтын насихаттау	АК-10	Тұрғындар арасында профилактикалық іс-шараларды жүргізуге, жұқпалы және созылмалы инфекциялық емес ауруларға скринингтік тексеруге, әртүрлі жастағы науқастарды медициналық тексеруге, неонатальды кезеңдегі аурулардың алдын алу тұрғысынан тұрғындарға санитарлық-ағарту жұмыстарды жүргізуге қабілетті